



## Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті оқу орындарының мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 22 мамырдағы N 628.  
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2687 N952687\_ өкімін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Алматы жоғары мектебі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің Алматы жоғары тергеу мектебі ;

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғары мектебі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің Қарағанды Жоғары тергеу мектебі болып қайта аталсын.

2. Аталған оқу орындарына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен Ішкі істер министрлігінің бірлескен келісімімен ішкі істер органдарына, оның ішінде бұрынғы оқытқан мамандықтар бойынша да кадрлар даярлау жүктелсін.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
Премьер-Министрі